Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Заң факультеті

Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасы

«Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау»
ОВТ 3309
Білім беру бағдарламасы
6В04205- «Құқықтану»

# ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2025

Бағдарлама 6В04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы оқу жоспарының негізінде кафедра доценті м.а., PhD докторы Д.У. Рыскалиевпен дайындалды

Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.
«17» 06 2025 ж. №_18_ Хаттама

Кафедра меңгерушісі,
з.ғ.д.,профессор ________________ Сулейменова С.Ж.

Білім беру және оқыту сапасы бойынша
академиялық комитеттің Төрайымы ______________ Урисбаева А.А.

«_25_» _06__ 2025 жылғы шешімі негізінде, хаттама № _11_

Факультеттің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылды
«_26_» _06__ 2025 ж., хаттама № _10_

Ғалым хатшы ______________ Атаханова Г.М.

## 1. Кіріспе

6В04205 «Құқықтану» мамандығы бойынша студенттердің білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан тапсыруға, қорытынды бақылауға студентерге арналған оқу бағдарламасы, оқу жұмыс жоспарына сәйкес білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде, кестеде және оқу жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз деген баға алған студент осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Аппеляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент белгіленген тәртіпте шығарылатын бұйрық негізінде қайтадан оқуға тіркеледі. Егер емтиханнан 25-49 балл алса онда FX негізінде емтихан қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды. Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан ауызша нысанда емтихан сұрақтарына жауап беру тәртібінде тапсырылады.

Емтихан билеттері алдын ала тексеріліп кафедра отырысының хаттамасымен бекітіледі.

## 2. Емтиханға дайындалу тақырыптары:

**Тақырып 1. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету – әлеуметтік-құқықтық жүйе ретінде: ұғымы, қағидаттары және жалпы сипаты. Еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігінің арақатынасы, олардың еңбек құқығы жүйесіндегі орны.** Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің адам капиталын дамытудағы маңызы. Еңбек қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттарын анықтау.

**Тақырып 2. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кешенді құқықтық институт ретіндегі ұғымы. Еңбек қауіпсіздігі саласындағы құқықтық қатынастардың дара түрі ретіндегі сипаты.** Институт субъектілері, олардың құқықтық мәртебесі. Еңбек қауіпсіздігі саласында туындайтын құқықтық маңызы бар фактілер (жағдаяттар).

**Тақырып 3. Еңбекті қорғауды басқару ұғымы. Уәкілетті мемлекеттік органдардың жүйесі мен өкілеттіктері. Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулерді жүргізу тәртібі, оларды рәсімдеу ерекшеліктері.** Тексеру актілерін дайындауда қойылатын талаптар. Ұйым деңгейінде еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуына бақылау жүргізетін мемлекеттік және қоғамдық органдардың қызметі.

**Тақырып 4. Еңбек қауіпсіздігі туралы заңнамада көзделген қауіпсіздік стандарттары. Техникалық талаптар мен регламенттердің құқықтық сипаты.** Ұйым деңгейінде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін анықтаудың құқықтық негіздері.

**Тақырып 5. Ұйымның өндірістік объектілерін еңбек жағдайларын анықтау мәселелері бойынша аттестаттаудың ұғымы.** Аттестаттаудың құқықтық маңызы. Еңбек жағдайларының ұғымы, түрлері және сипаты. Өндірістік объектілердің техникалық регламенттерге сәйкестігін анықтау тәртібі.

**Тақырып 6. Қызметкердің денсаулығына келтірілген зиянды өтеудің құқықтық тәсілдері. Еңбек міндеттерін атқару барысында қызметкердің денсаулығына келтірілген зиянды өтеудің құқықтық механизмдері.** Зиянның түрлері. Талап қою тәртібі. Деликтілік міндеттемелердің ұғымы мен ерекшеліктері.

**Тақырып 7. Деликтілік міндеттемелер және зиянды өндіру тәртібі. Деликтілік міндеттемелердің құқықтық табиғаты.** Еңбек жағдайын реттеу және зиянды өндіру мәселесіне қатысты талап қою тәртібі. Аттестациядан өткізуді іске асыратын комиссияны құру және оның қызметінің құқықтық сұрақтары.

**Тақырып 8. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ұғымы.** Субъектілік құрамы. Сақтандыру объектілері мен сақтандыру жағдаяттары. Әлеуметтік тәуекелдерді өтеудегі міндетті әлеуметтік сақтандырудың рөлі.

**Тақырып 9. Қызметкерлердің өтініштерін қарау және зиянды өтеуге байланысты құжаттар. Қызметкердің өтінішін тіркеу және қарау тәртібі.** Өтініштердің түрлері. Келтірілген зиянды өтеу мәселесіне қатысты жұмыс берушімен рәсімделетін құжаттар. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұғымы, субъектілері және қолданылатын жазалар.

**Тақырып 10. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесі. Еңбек қауіпсіздігі ұғымы. Оның жүйесі мен құқықтық негіздемелері.** Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдері. Жұмыс берушінің жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттемелеріне құқықтық талдау.

**Тақырып 11. Еңбек қауіпсіздігі саласындағы ұлттық стандарттар.** Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне қатысты ұлттық заңнамада көзделген стандарттар. Олардың қолданылу тәртібі мен құқықтық маңызы.

**Тақырып 12. Еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік.** Қауіпсіздік талаптарын сақтамаумен байланысты жұмыс берушіге қолданылатын жауапкершілік түрлері: әкімшілік, тәртіптік, материалдық, азаматтық және қылмыстық жауапкершілік. Азаматтық-құқықтық және материалдық жауапкершіліктің ерекшеліктері.

**Тақырып 13. Келтірілген зиянды өндірудің соттық және соттан тыс тәртібі.** Келтірілген зиянды сот өндірісі тәртібінде және өзге де тәсілдер арқылы өндірудің теориялық және тәжірибелік сұрақтары. Талап арызды дайындау және сотқа беру кезінде ескерілетін талаптар.

**Тақырып 14. Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісім комиссиясы.** Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісім комиссиясының ұғымы. Оның құзыретіне жататын мәселелер және қызметінің құқықтық негіздері.

**Тақырып 15. Еңбек заңнамасының сақталуын бақылау.** Еңбек заңнамасының дұрыс қолданылуын бақылауды жүзеге асыратын органдар. Олардың өкілеттіктері мен қызметінің құқықтық негіздері.

### 3. Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1.Пән бойынша қорытынды бақылау билеттермен, емтихан сұрақтарына жауап беру тәртібінде өткізіледі.
2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі, алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болады.

3.Аттестациялық ведомостқа корытында баға емтихан аяқталғаннан кейін енгізіледі.
•48 сағат ішінде бекітілуге жатады, офлайн режимі бойынша.
4. Билеттерде сұрақтар саны – 3, 1 мүмкіндік беріледі.
5.Студент емтихан тапсыруға 30 минут бұрын дайындалуы керек.
6. Емтихан қорытындысы қайта қаралуы мүмкін. Егер студент емтихан тапсыру тәртібін бұзған болса, онда алған бағасы есепке алынбайды.
7. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді Универ жүйесіндегі сілтемелер арқылы қарай алады

## 4. Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.
Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.
Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі: (АБ1+АБ2)/2 ×0,6+ҚБ×0,4 бұл жерде АБ – аралық бақылау; ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

| Әріптік жүйе бойынша баға | Сандық эквивалент | Баллдары (%-дық көрсеткіші) | Дәстүрлі жүйе бойынша баға |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| FX | 0,5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз |
| F | 0 | 0-24 | |

## 5. Емтиханға дайындық кезінде студенттерге келесі НҚА мен әдебиеттерді зерделеу ұсынылады:

**А.Негізгі әдебиеттер :**
1..Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл.өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «adilet.kz»,2023ж..
2.Мачульская Е.Е. Право социального обеспечения. Учебник. М.: МГУ. Юрайт. 2018.
3.Григорьев И.В., Шайхатдинов В.Ш. Право социального обеспечения. Учебник и практикум для прикладного бакалавриата. 2-е изд., пер. и доп. Учебник для академического бакалавриата. М.:Издательство Юрайт. 2017.
4.Сулейманова Г.В. Право социального обеспечения. М.:Издательство, Юрайт. 2015
**Б.Қосымша әдебиеттер:.**
1.Нургалиева Е.Н. Проблемы трудового права в современных условиях. Қарағанды. 1994ж.
2.Шайбеков К.А. Трудовое право Республики Казахстан.Оқулық. Алматы, 1996ж.

3.Сулейманова Г.В. Право социального обеспечения.2011г.
4.Нургалиева Е.Н. Механизм правового регулирования труда. Алматы, 1996ж.
5.И. Межибовская. Право социального обеспечения Республики Казахстан (дистанционное обучение). Учебное пособие. 2011

**В.Нормативтік актілер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі.
2. Қазақстан Республикасының Азаматық кодексі.
3. Қазақстан Республикасының Азаматық іс жүргізу кодексі.
4. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі.
5. ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» Заңы 27.06.2014 ж. № 211-V ҚРЗ
6. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. 23.11.2015.
7. ҚР "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Заңы 31.05.1996ж. №3-1
8. ҚР "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы 23.11.2015ж. №453-1

**6. Қорытынды бақылауды бағалау критерилерінің рубрикаторы**
**Пән: «Еңбек құқығы». Форма:** Ауызша, офлайн нысанында

| № | Балл / Критерий | ДИСКРИПТОРЛАР | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Өте жақсы» | «Жақсы» | «Қанағаттанарлық» | «Қанағаттанарлықсыз» | |
| | | 90-100% | 70-89% | 50-69% | 25-49% | 0-24% |
| 1 | **Пәннің теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі**<br><br>**11 балл** | «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы теорияларды,ілімдерді, тұжырымдамаларды терең түсінуі. | «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы теорияларды,ілімдерді, тұжырымдамаларды жақсы түсінуі. | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы теорияларды,ілімдерді, тұжырымдамаларды шектеулі түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі. | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы теорияларды,ілімдерді, тұжырымдамаларды үстіртін түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді. | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы теорияларды,ілімдерді, тұжырымдамаларды түсінбеушілік. Негізгі мәтін тақырыпқа сай берілмейді немесе мүлдем жоқ. |
| | **Пәннің негізгі мәселелерін ұғынуы**<br><br>**11 балл** | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау негізгі ұғымдарын ,мәселелерін өте жақсы байланыстырады зерттейді. Аргументтерді зерттеудің дәлелдерімен терең негіздеу (мысалы, талдау немесе зерттеу, статистикалық талдау негізінде). | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау негізгі ұғымдарын ,мәселелерін жақсы байланыстырады зерттейді. Аргументтерді зерттеудің дәлелдерімен жақсы негіздеу (мысалы, талдау немесе зерттеу, статистикалық талдау негізінде). | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау негізгі ұғымдарын ,мәселелерін шектеулі байланысы. шектеулі қолдану, шектеулі зерттейді. Аргументтерді зерттеудің дәлелдерімен шектеулі негіздеу (мысалы, талдау немесе зерттеу, статистикалық талдау негізінде. шектеулі қолдануы. | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау негізгі ұғымдарын ,мәселелерін шамалы байланысы. шамалы зерттейді. Аргументтерді зерттеудің дәлелдерімен байланысы шамалы немесе жоқ. зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды. | «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы теорияларды,ілімдерді, тұжырымдамаларды сұрақтарымен байланысы жоқ. зерттеулерді мүлдем қолданбайды. Сұраққа жауабы мүлдем сай келмейді. |
| | **практикалық** | «Еңбек қауіпсіздігі | «Еңбек қауіпсіздігі | Еңбек қауіпсіздігі | Еңбек қауіпсіздігі | «Еңбек қауіпсіздігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ұсынымдар / ұсыныстар 11 балл** | және еңбекті қорғау пәні бойынша практикалық өте жақсы ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады. | және еңбекті қорғау пәні бойынша практикалық жақсы ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады. | және еңбекті қорғау пәні бойынша шектеулі практикалық ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. | және еңбекті қорғау пәні бойынша шектеулі практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе.өте төмен сападағы ұсынымдар. | және еңбекті қорғау туралы теорияларды,ілімдерді, тұжырымдамаларды практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар. |
| 2 | **теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі 11 балл** | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша теориялық деңгейде түсініктер мен қағидаларына теориялық жоғары деңгейде сипаттама береді | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша теориялық деңгейде түсініктер мен қағидаларына жақсы деңгейде сипаттама береді | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша теориялық деңгейде түсініктер мен қағидаларына орташа,шектеулі деңгейде сипаттама береді | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша теориялық деңгейде түсініктер мен қағидаларына аз немесе мүлдем жоқ немесе.өте төмен сападағы деңгейде сипаттама береді | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша теориялық деңгейде түсініктер мен қағидаларына сипаттама мүлдем жоқ немесе.өте төмен сападағы деңгейде не сипаттама берілмейді |
| | **негізгі мәселелерін ұғынуы 11 балл** | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша құқықтық мәселелерін өте жоғары деңгейде талдап сипаттама береді | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша құқықтық мәселелерін жақсы деңгейде талдап сипаттама береді | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша құқықтық мәселелерін орташа,шектеулі деңгейде талдап сипаттама береді | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша құқықтық мәселелерін аз немесе мүлдем жоқ немесе.өте төмен сапада сипаттама береді | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша құқықтық мәселелеріне сипаттама мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы деңгейде не сипаттама берілмейді |
| | **ұсынысы немесе практикалық** | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ұсынымдар / ұсыныстар 11 балл** | бойынша теориялық мәселелерін әлеуметтік құқықтық саладағы заңнамаға сәйкес өте жоғары деңгейде ұсыныстарға сипаттама беру заңнамаға талдау жасайды | бойынша мәселелерін әлеуметтік құқықтық саладағы заңнамаға сәйкес ұсыныстарға жақсы сипаттама беру заңнамаға талдау жасайды | бойынша мәселелерін әлеуметтік құқықтық саладағы заңнамаға сәйкес ұсыныстарға шектеулі түрде сипаттама беру заңнамаға орташа деңгейде талдау жасайды | бойынша мәселелерін әлеуметтік құқықтық саладағы заңнамаға сәйкес ұсыныстарға аз немесе мүлдем жоқ немесе.өте төмен сапада сипаттама талдау жасайды | бойынша мәселелерін әлеуметтік құқықтық саладағы заңнамаға сәйкес ұсыныстарға сипаттама мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы деңгейде не сипаттама берілмейді талдау жасалмайды |
| 3 | **теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі 11 балл** | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша әлеуметтік құқықтық бағдарлама және құқықтық тұжырымдамаға сәйкес теорияларды түсініп,жоғары деңгейда сипаттама береді | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша әлеуметтік құқықтық бағдарлама және құқықтық тұжырымдамаға сәйкес теорияларды түсініп,жақсы деңгейда сипаттама береді | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша әлеуметтік құқықтық бағдарлама және құқықтық тұжырымдамаға сәйкес теорияларды орташа түсініп, шектеулі деңгейда сипаттама береді | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша әлеуметтік құқықтық бағдарлама және құқықтық тұжырымдамаға сәйкес теорияларды аз немесе мүлдем жоқ немесе.өте төмен сапада сипаттама береді | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша әлеуметтік құқықтық бағдарлама және құқықтық тұжырымдамаға сипаттама мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы деңгейде не сипаттама берілмейді талдау жасалмайды |
| | **Негізгі мәселелерін ұғынуы 11 балл** | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша әлеуметтік құқықтық негізгі мәселелерін терең түсініп жоғары деңгейде | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша әлеуметтік құқықтық мәселелерін жақсы түсініп тұрақты деңгейде | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша әлеуметтік құқықтық мәселелерін орташа түсініп қалыпты шектеулі | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша әлеуметтік құқықтық мәселелерін аз немесе мүлдем жоқ немесе.өте төмен сапада | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау пәні бойынша әлеуметтік құқықтық мәселелеріне мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | талдау жасайды | талдау жасайды | деңгейде талдау жасайды | түсініп талдау жасалмайды | деңгейде не сипаттама берілмейді түсініп талдау жасалмайды |
| | **Жазу, стилі, сауаттылығы 12 балл** | Ауызша жоғары деңгейде өте дұрыс,тиянықты түрде жауап береді APA style қатаң түрде сақтайды | Ауызша жоғары деңгейде дұрыс,жақсы түрде жауап береді APA style тұрақты түрде сақтайды | Ауызша шектеулі деңгейде ,орташа түрде жауап береді APA style орташа түрде сақтайды | Ауызша аз деңгейде немесе мүлдем жоқ немесе.өте төмен түрде жауап береді APA style төмен түрде сақталған | Ауызша өте төмен деңгейде немесе мүлдем жоқ немесе жауап береді APA style өте төмен түрде сақталған немесе сақталмаған |

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:
+Қорытынды баға (ҚБ) = (Б1+Б2+Б3+Б4+Б5+Б6+Б7+Б8+Б9+Б10) / 6К, мұнда Б – критерий бойынша балл, К – критерийлердің жалпы саны.